


Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Қудалаушыдан уағыздаушыға дейін



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen


Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.


1

Құдай алғашқы
қауымда Өзінің
халқы арқылы
ұлы істер істеді.



Філіп атты бір адам
тұрғындары көп
қалада Иса жайында
айтудан қолы
босамады. Бірақ Құдай
оны елсіз далаға
жіберді. Неге?

2



Құдай сол далада саяхатшы кетіп бара жатқанын білді: Эфиопияның әйел патшасы Қандақидың бас уәзірі. Ол үйіне қайтып, арнайы Кітапты оқып бара жатыр екен.


Сіз ол кітаптың қандай кітап екенін аңғара аласыз ба?

3



Філіп Құдайға бағынған кезде, Құдай оны Құдай Сөзін түсінбестен оқып отырған уәзірдің тура өзіне алып барды. Ол Філіпті өзінің қасына отыруға шақырды.

4




«Мұның мағынасы не?» –деп сұрады уәзір Філіптен. Айдаладағы жолда селкілдеп бара жатқан күйменің үстінде Філіп аузын ашып, Жазбаның осы орнынан бастап, оған Иса жайында уағыздады.

5



Африкалық уәзір көп кешікпей Иса Мәсіхтің Құдай Ұлы екені жайлы киелікітаптық жолдауға сенді. Суды көріп ол: «Менің шомылдыру рәсімінен өтуіме не кедергі?» –деді.

6



Сонда Філіп: «Егер сен бар жүрегіңмен сенсең, онда болады», –деді. Уәзір: «Мен Иса Мәсіхтің Құдай Ұлы екеніне сенем», –деп жауап берген кезде, Філіп оны суға апарып шомылдыру рәсімінен өткізді.

7



Міне, осылайша олар судан шыққан кезде, Иеміздің Рухы Філіпті білдірмей алып кетті, ал африкалық билеуші оны қайтып көрмеді. Ол Эфиопияға қуанышпен оралды!

8

Бірақ кейбір адамдар мәсіхшілерді жек көрді. Філіптің достарының бірі Степанды оның Иса туралы айтқанын қаламаған ашулы адамдар өлтірді. Тарстан шыққан Саул есімді адам Степанды өлтіруге көмектесті. Саул барлық мәсіхшілерді жек көрді.




9

Мәсіхшілерге қарсы айбат шегіп, өлім сепкен Саул бас діни қызметкерге барып, Исаның соңынан ерген еркектер немесе әйелдерді тұтқындауға құқық беретін хат жаздырып алды.



10

Тарстан шыққан байғұс Саул! Ол Құдай халқына қасірет әкеле отыра, шын мәнісінде Иеміз Исаның Өзіне қасірет шектіргенін түсінбеді. Құдай Саулды тоқтатуға тиісті болатын. Бірақ қалай?



11

Құдай Саулды «тұтқындады». Саул Дамаскіге кетіп бара жатқан жолда, Құдай Көктен көз қарықтыратын нұрын жарқыратты. Саул жерге құлап түсті. Мұнан кейін ол Дауысты естіді.




12

«Сен Кімсің, Ием?» Саул айғайлап жіберді. «Мен – сендер қудалап жүрген Исамын». Дірілдеп әрі таңғалып Саул: «Ием, менің не істегенімді қалайсың!» –деп сұрады. Сонда Иеміз оған: «Тұр да қалаға бар, сонда саған не істеуің керектігін айтады», –деді.




13

Саулмен бірге болған адамдар да Дауысты естіді, бірақ ешкімді көрмеді. Саул жерден тұрды, сонда өзінің соқыр болып қалғанын білді! Олар оны Дамаскіге алып келді.



14

Қалада Саул көзі көрмей, не ештеңе жемей, не ештеңе ішпей үш күн болды. Бәлкім ол сол уақытты өзін Дамаскіге келе жатқан жолда қарсы алған Иеміз Исаға сиынып өткізген болар.



15

Құдай бәрін жоспарлап қойған. Дамаскіде Анани есімді шәкірт бар еді. Иеміз оны Саулға көмектесу үшін жіберді. Анани қорқып кетті. Бірақ ол Құдайға бағынды. Ол қолын Саулға қойған кезде, оның көзі ашылды, сөйтіп Саул Құдайдың Киелі Рухына кенелді.




16

Саул шомылдыру рәсімінен өтті. Содан соң ол тамақ ішті. Тамақ ішкен кезде, ол әлденді. Саулға күш керек болатын. Оған бір маңызды нәрсені істеу керек еді.




17

Саул бірден мәжілісханаларда Исаның Құдай Ұлы екенін айтып уағыздай бастады. Оны естігендердің бәрі аң-таң болып: «Бұл, мәсіхшілерді құртып жіберген адам емес пе еді?» – деді. Ал кейбіреулер Саулды өлтіруге ниет етті.




18

Саулдың жаңа жаулары егер ол қаланы тастап шықпақ болса, оны өлтіріп тастау үшін қала қақпаларын аңдыды. Бірақ оның жаңа достары, мәсіхшілер, оны түнде үлкен себетке салып, қала қабырғасы арқылы түсіріп жіберді.



19

Содан бері Саул, мәсіхшілерді қудалаушы, өзінің жаңа Ұстазы – Иеміз Иса Мәсіхтің адал ізбасары ретінде өмір сүрді.



20

Қудалаушыдан уағыздаушыға дейін

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Елшілердің істері 8-9

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

21

58

60

22



Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

23